

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 1 қыркүйек

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар! Бүгін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жаңа парламенттік маусымның кезекті сессиясын ашып, халыққа арналған Жолдауын жариялады.

Жолдауда ел дамуының басым бағыттары мен алдағы мақсат-міндеттер белгіленген.

Президенттің биылғы Жолдауы республикалық референдумда халықтың қолдауына ие болған конституциялық реформаларды іске асыруға, сондай-ақ еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Экономиканы жүйелі түрде әртараптандыру, халықтың әл-ауқатын арттыру, саяси жүйені әрі қарай реформалау бағыттарында жаңа бастамалар көтерілді. Бұл бастамалар жаңа Қазақстанды құруға арналған нақты қадамдар. Ел мүддесі жолында стратегиялық шешімдер де қабылдануда. Парламентке де бірқатар заңнамалық міндеттер жүктелді. Көтерілген мәселелерді іске асыру үшін алдағы уақытта ауқымды жұмыстар атқару қажет.

Сенат белгіленген басымдықтарды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету үшін кешенді жұмыс жүргізуге дайын. Бұл біздің басты міндетіміз. Сол себепті біз сарапшылар қауымдастығымен, қоғамдық институттармен және басқа да мүдделес тараптармен бірлесіп, белсенді жұмыс істеуіміз қажет. Мәжіліспен және Үкіметпен бірге сапалы заңдарды уақтылы қабылдауды қамтамасыз етуіміз керек.

Сондай-ақ сіздер парламенттік каникул кезінде өңірлерге, шалғай ауылдарға барып халықпен кездестіңіздер. Сол кездесулерде көтерілген мәселелер Палатаның осы сессиядағы жұмысында жан-жақты ескерілуі қажет.

Өздеріңіз көріп отырғандай, алдымызда ауқымды жұмыстар тұр. Сессия барысында бәріміз бірігіп, осы бағыттарда нәтижелі жұмыс істейміз деп сенемін.

Құрметті әріптестер! 24 тамызда жаңадан құрылған Абай, Жетісу және Ұлытау облыстарында Сенат депутаттарының сайлауы өтіп, қатарымызға алты сенатор қосылды.

Жаңадан сайланған депутаттарды сайлаудағы жеңістерімен құттықтаймыз!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Сіздер түрлі салада қызмет атқарып, өңірлерде ұзақ жылдар бойы табысты еңбек еттіңіздер. Енді мол тәжірибелеріңізді заң шығару қызметінде кеңінен пайдаланып, депутаттық міндеттеріңізді абыроймен атқарасыздар деп сенеміз.

Құрметті сенаторлар, жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті әріптестер! Конституциялық нормаларға сәйкес жаңадан сайланған Сенат депутаттары Палата алдында халыққа ант беруі тиіс. Сондай-ақ жаңадан сайланған депутаттарды өз өтініштеріне сәйкес Палатаның тұрақты комитеттерінің құрамына сайлауымыз қажет. Сол себепті бүгінгі отырысымыздың күн тәртібіне осы екі мәселе ұсынылады. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының жаңадан сайланған депутаттарының ант беруі туралы.

Ант беру үшін мінбеге Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының келесі депутаттары шақырылады.

Арғынбекова Айнұр Серікпайқызы.

АРҒЫНБЕКОВА А.С. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, өзіме жүктелген депутаттың мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Байахметов Бақытжан Кәкенқажыұлы.

БАЙАХМЕТОВ Б.К. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, өзіме жүктелген депутаттың мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Медебаев Советбек Тұрсынұлы.

МЕДЕБАЕВ С.Т. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен

заңдарына қатаң бағынуға, өзіме жүктелген депутаттың мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Рақмет. Орныңызға отырыңыз.
Сарыбаев Ғалиасқар Төлендіұлы.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, өзіме жүктелген депутаттың мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Рақмет. Орныңызға отырыңыз.
Толамисов Амангелді Ғабдылкәрімұлы.

ТОЛАМИСОВ А.Ғ. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, өзіме жүктелген депутаттың мәртебелі міндеттерін абыроймен атқаруға ант етемін!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Рақмет. Орныңызға отырыңыз.
Шайдаров Серік Жаманқұлұлы.

ШАЙДАРОВ С.Ж. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, өзіме жүктелген депутаттың мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Рақмет. Орныңызға отырыңыз.
Ант беру рәсімі аяқталды. Бүгін ант берген жаңа депутаттарды тағы да құттықтаймыз. Алдағы жұмыстарыңызға табыс пен сәттілік тілейміз.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Құрметті сенаторлар, күн тәртібіндегі екінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының тұрақты комитеттерінің құрамына Сенат депутаттарын сайлау туралы.

Жаңадан сайланған депутаттар қай комитетте жұмыс істейтіні жөнінде өтініштерін берді. Соған сәйкес Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің құрамына Арғынбекова Айнұр Серікпайқызы, Медебаев Советбек Тұрсынұлы, Толамисов Амангелді Ғабдылкәрімұлы ұсынылады.

Қаржы және бюджет комитетінің құрамына Байахметов Бақытжан Кәкенқажыұлы ұсынылады.

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің құрамына Сарыбаев Ғалиасқар Төлендіұлы ұсынылады.

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің құрамына Шайдаров Серік Жаманқұлұлы ұсынылады.

Құрметті әріптестер, қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса тиісті қаулы қабылдайық.

Сенаттың жоғарыда аталған тұрақты комитеттерінің құрамына есімдері айтылған жаңа Сенат депутаттарын сайлау туралы Сенат қаулысын дауысқа қоямын.

Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Депутаттық сауалдар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2022 жылғы 1 қыркүйек

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының жаңадан сайланған депутаттарының ант беруі туралы

О принесении присяги вновь избранными депутатами Сената Парламента Республики Казахстан

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

АРҒЫНБЕКОВА А.С. 2

БАЙАХМЕТОВ Б.К. 2

МЕДЕБАЕВ С.Т. 2

САРЫБАЕВ Ғ.Т. 3

ТОЛАМИСОВ А.Ғ. 3

ШАЙДАРОВ С.Ж. 3

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты тұрақты комитеттерінің құрамына Сенат депутаттарын сайлау туралы

Об избрании депутатов Сената в составы постоянных комитетов Сената Парламента Республики Казахстан 3

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің басшысы

Г. Молдашева